



Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Г.Алматовқа

Түркістан облысының білім басқармасы Төлеби ауданының білім бөлімінің «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ж.А.Булекбаевадан

Түркістан облысы білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы ЕСЕП МӘЛІМЕТ

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» талапатры (бұдан әрі – *Бағалау өлшемшарттары*), Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2023 жылғы 9 қарашадағы №1835 бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 3 маусым күнгі № 870 бұйрығы негізінде 4 – 10 маусым күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Нәтижесінде, бармай профилактикалық бақылау жүргізу қорытындысы бойынша мемлекеттік аттестаттау шарасын жүргізген комиссия құрамы Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының білім беру қызметінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын орындауда бұзушылықтар бар екендігі анықталды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 1-қосымшасының талаптары бойынша бұзушылықтар:

Кемшіліктер мен ұсыныстар:

1. Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шартына» сәйкес жасақталған келісім шарттың көшірмесі жүктелмеген. Осы ретте, балабақша мен ата-ана арасында жасақталған келісім шарт көшірмесі ұсынылмаған.

2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өткен туралы құжаттары, басшының үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткендері туралы мәлімет толық жүктелмеген (А.Жайлаубаева мен Г.Турдалиева). Педагогикалық еңбек өтілдері 8 жылдан асқанымен А.Жайлаубаева 2015 жылы, Г.Турдалиева 2020 жылы курстан өткендігі ұлттық білім беру деректер қорында (ҰББДҚ) көрсетіліп, талаптар орындалмаған.

3. Балабақша ұсынған бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне қарай топтастыруда мектепалды «Вишенка» тобында 5 жасар болу керек болса, балабақшаның бекітілген тізімінде 4 жасар бала қабылданған (Манас Марғұлан (2019 ж), Цай Эмилия (2019ж) және 6 жасар бала тіркелген. Ал ересек орыс тобында 4 жасар бала болу керек болса, аралас 4 жасар және 5 жасар баламен топтастырылған, ортаңғы топта 3 жасар бала болу керек болса, 3 жасар және 4 жасар бала топтастырылған. Осылайша, балабақша тарапынан Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 25-тармағында көрсетілген талап «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады» ескерілмеген.

